

Ана құшағы

Галиева Толкын Амангельдиевна
"Бәйтерек колледжі" МКҚК
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы

Оқу бағдарламасына сәй- кес оқу мақсаттары	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды. 2) Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен тер- мин сөздердің мағынасын біледі.			
Сабақ мақсаттары	Оқушыларға М.Әуезов «Абай жолы» романынан үзінді «Ана құшағы» атты әңгімесін түсініп оқуға үйрету. Өзекті, түйінді ойын ашуға жағдай жасау және байланыстырып сөйлеу барысын қалыптастырып, әр түрлі тапсырма- лар беру арқылы ойлау қабілетін дамыту. Диалог,сұхбат, сұрақтар қою ар- қылы бала дүниетанымын кеңейту. Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре оты- рып, дәлелді және қойылған сұрақтарға еркін жауап бере алады			
Тілдік мақсаттар	Балалардың терең ойлай білуі, сөз саптауы, жыр идеясын анықтай білуге, ықпал ету. Сөз мағынасын ашу, сөз қадірін білуге үйрету. Тілдік дағдыларға қатысты терминдер мен орфоэпиялық нормаларды қолдана алады. Айтылым дағды- ларын дамытудағы тілдік қолданыстар			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 7 минут	Ұйымдастыру кезеңі Сәлеметсіздерме оқушылар! Оқушылардың көңіл-күйлерін сұрау Психологиялық ахуал. «Жылы лебіз» әдісі Сыныпта жақсы психологиялық атмосфера болу үшін оқушылар шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жақсы лебіздерін білдіреді. Осы күнге сәттілік тілейді. Өткен тақырып бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер. М.Әуезовтың дүниежүзіне белгілі романы қалай аталады? «Абай жолы» Бірінші кітабы қай жылы жарық көрді? (1942 жылы) Екінші кітабы қай жылы жарық көрді? (1947 жылы) «Абай жолы» романының 3-ші кітабы нешінші жылы жарыққа шықты? (1952 жылы) Төртінші кітабы қай жылы жарық көрді? (1956 жылы) «Абай жолы» романы қандай тақырыпқа жазылды? (тарихи) Романда не суреттеледі? (19 – 20 ғасырдағы қазақ халқының тұрмыс – тір- шілігі суреттеледі). М.Әуезовтің бүкіл шығармашылық ғұмырының мәні болған «Абай жолы» роман-эпопеясы әлемнің 72 елінде 42 тілде тарады. Оңға оқы, солға оқы Өзгермейді еш одан Бәрі де, өз жұртың Айтады кане кім? (ата, ана, апа, аға, іні)-отбасы. Осыны Отан деуге бола ма? Осыған қандай мақал айтуға болады? Осының ішінде өмір сыйлайтын, ая- лап, бағатын кім? - Ендеше, бүгінгі тақырыбымыз не туралы деп ойлайсыңдар? Оқу мақсатымен таныстыру. Сабақтың тақырыбымен байланыстыру			Сұрақ – жауап

Сабақтың ортасы 30 минут	<p>Абай Құнанбаев туралы не білесіңдер?</p> <p>1. Абай Құнанбаев кім?</p> <p>2. Абайдың анасының аты кім?</p> <p>3. Әжесінің аты кім?</p> <p>Мәтіннен Абайдың ана құшағын сезінген жерін тауып оқып дәптерімізге жазамыз. Мәтінде кездескен 4. Телғара кім?</p> <p>«Абай жолының» қысқаша мазмұны 1 том «Қайтқанда» тарауы</p> <p>5 тапсырма</p> <p>Үзіндіде қазақ халқының отбасылық құндылығы қалай көрініс тапқан?</p> <p>Сабақты бекіту:</p> <p>Әңгіменің басталуы</p> <p>Әңгіменің дамуы</p> <p>Әңгіменің байланысуы</p> <p>Әңгіменің шиленісі</p> <p>Шарықтау шегі</p> <p>Әңгіменің шешімі</p> <p>Қорытынды</p>	<p>Сұрақ – жауап әдісі</p> <p>Оқушылар жазылым тапсырмасын орындайды. Дәптермен жұмыс</p> <p>Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да маңдайынан иіскеді. Абайдың жүрегін қатты – қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшағы!</p> <p>Жалғасын тап ойыны:</p> <p>Жұппен жұмыс</p> <p>Оқушылар берілген мақалдардың жалғасын табады. Оқушылар түсінгендері бойынша карточка арқылы жауаптарын береді.</p> <p>Әңгіменің басталуы</p> <p>Өз шешесіне қарай жақындай беруі</p> <p>Әңгіменің дамуы</p> <p>Барлық үлкеннің құшағына амалсыз кезек – кезек кіруі</p> <p>Әңгіменің байланысуы</p> <p>Бала топтан сытылып шығуы</p> <p>Әңгіменің шиленісі</p> <p>Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ</p> <p>Шарықтау шегі</p> <p>Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да маңдайынан иіскеді</p> <p>Әңгіменің шешімі</p> <p>Әжеңе бар, әнеки! – деп, бұрып жіберді</p> <p>Қорытынды</p> <p>Абайдың жүрегін қатты – қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшағы!</p>	<p>Ауызша кері байланыс беру. Жақсы! Тамаша!</p> <p>Дескриптор: жаңа сөздерді үйренеді; сөздік жұмысын жүргізеді.</p> <p>Ауызша кері байланыс беру. Жақсы! Тамаша!</p>	<p>Оқулық 123 бет</p> <p>Оқулық 11 сыныпқа арналған қазақ тілі мен әдебиеті Авторы: Г. Қосымова М. Бисембаева, К. Берденова</p> <p>Бейне таспа</p> <p>124 бет</p> <p>оқулық 114 бет</p>
Сабақтың соңы 3 минут	Рефлексия «ПОПС» әдісі: Кері байланыс			
	Үй тапсырмасы: Бағалау. Мұғалім формативті бағалауы бойынша қорытынды балын қояды.			